



**«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР»
ОБЛЫСТЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

Ақтөбе-2026жыл

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ҮРДСІНДЕГІ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ
ПЕДАГОГТІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ



Бимаханова Бутакуз Акузаковна
Ақтөбе қаласы, №25 «Ерке» бөбекжай-балабақша тәрбиешісі

Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту сапасына қойылатын талаптар артып отыр. Ерте жастағы баланың тұлғалық, танымдық және әлеуметтік дамуы осы кезеңде қалыптасады. Сондықтан мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби құзіреттілігі – сапалы білім берудің негізгі факторы болып табылады. Қоғамның жаңаруына сәйкес педагог үнемі ізденісте болып, инновациялық тәжірибені меңгеруі қажет. Инновациялық бағытта жұмыс жасау педагогтің кәсіби өсуіне, әдістемелік шеберлігінің артуына және білім беру процесінің тиімді ұйымдастырылуына ықпал етеді.

1. Педагогтің кәсіби құзіреттілігінің теориялық негіздері.

Ғалымдар кәсіби құзіреттілікті педагогтің білім, білік, дағды және тұлғалық сапаларының бірлігі ретінде қарастырады. А.К. Маркова кәсіби құзіреттілікті педагогтің кәсіби іс-әрекетті нәтижелі орындау қабілеті деп анықтайды. Ал Ш.А. Амонашвили ізгілендіру идеясын негізге ала отырып, педагог тұлғасының рухани мәдениетіне ерекше мән береді.

Мектепке дейінгі педагогтің кәсіби құзіреттілігі келесі компоненттерден тұрады:

- әдістемелік құзіреттілік;
- психологиялық-педагогикалық құзіреттілік;
- коммуникативтік құзіреттілік;
- ақпараттық-цифрлық құзіреттілік;
- рефлексивтік құзіреттілік.

2. Инновациялық тәжірибенің мазмұны және маңызы.

Инновация – білім беру үдерісіне жаңа мазмұн, әдіс немесе технология енгізу. В.А. Сластенин инновацияны педагогикалық жүйені жетілдіру құралы ретінде қарастырады.

Мектепке дейінгі ұйымда инновациялық тәжірибенің тиімді бағыттары:

1) Ойын технологиясы

Ойын – мектеп жасына дейінгі баланың жетекші әрекеті. Дамытушы ойындар арқылы балалардың логикалық ойлауы, сөйлеуі, есте сақтау қабілеті дамиды.

2) Саралап оқыту технологиясы

«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР» ОБЛЫСТЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

Балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып тапсырмаларды деңгейлеп беру олардың табысты оқуына мүмкіндік береді.

3) Зерттеушілік әдіс

Балаларға тәжірибе жасау, бақылау, салыстыру тапсырмаларын беру арқылы танымдық қызығушылығы артады.

4) Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар

Интерактивті такта, мультимедиялық презентациялар, цифрлық ойындар сабақтың тиімділігін арттырады.

3. Жалпы тәжірибедегі инновациялық жұмыс.

Математика және сойлеуді дамыту ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде инновациялық әдістерді жүйелі қолдану.

Мысалы,

- QR-код арқылы тапсырма алу;
- интерактивті ойын қолдану;
- деңгейлік логикалық тапсырмалар беру;
- топтық зерттеу элементтерін енгізу жүзеге асырылды.

Нәтижесінде балалар:

- 1-10 дейінгі сандарды сенімді меңгерді;
- салыстыру, топтау дағдыларын көрсетті;
- өз ойын еркін жеткізе алды.

Сөйлеуді дамыту ұйымдастырылған іс-әрекетінде. Балалар суреттер арқылы ертегі желісін құрастырып, шығармашылық қабілеттерін дамытады. Бұл әдіс олардың байланыстырып сөйлеуін айтарлықтай жақсартты.

4. Кәсіби құзіреттілікті арттыру жолдары

Инновациялық тәжірибені жүзеге асыру үшін :

- біліктілікті арттыру курстарына қатысу;
- әдістемелік бірлестік отырыстарында тәжірибе алмасу;
- Ұйымдастырылған ашық іс-әрекетін өткізу;
- рефлексия жүргізіп, әр сабақты талдау;
- авторлық дидактикалық материалдар әзірлеу.

Сонымен қатар педагогтің өзін-өзі дамытуы – кәсіби жетілудің басты шарты. Үнемі оқу, ғылыми әдебиеттермен танысу, заманауи педагогикалық идеяларды меңгеру кәсіби деңгейдің өсуіне ықпал етеді.

5. Инновациялық тәжірибенің нәтижелілігі.

Инновациялық бағытта жұмыс жасаудың нәтижесінде:

- балалардың танымдық белсенділігі артты;
- оқу мотивациясы күшейді;
- шығармашылық қабілеттері дамыды;
- ата-аналардың қызығушылығы артты.

Педагогтің кәсіби сенімділігі нығайып, әдістемелік шеберлігі жетілді.

Қорытынды.

Қорытындылай келе, мектепке дейінгі ұйым педагогінің кәсіби құзіреттілігін арттыруда инновациялық тәжірибенің маңызы зор. Инновациялық технологияларды жүйелі қолдану педагогтің кәсіби дамуын қамтамасыз етеді және білім сапасын арттырады.

Заманауи педагог – жаңашыл, зерттеуші, шығармашыл тұлға. Сондықтан кәсіби құзіреттілікті арттыру үздіксіз үдеріс ретінде қарастырылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Маркова А.К. Психология профессионализма. – Москва, 1996.

«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР» ОБЛЫСТЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

2. Амонашвили Ш.А. Личностно-гуманная основа педагогического процесса. – Москва, 1990.
3. Сластенин В.А. Педагогика. – Москва, 2002.
4. Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандарты.
5. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы, 2004.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Кабакбаева Мирамгуль Сериковна

Ақтөбе қаласы № 25 «Ерке» бөбекжай - балабақшасының дене тәрбиесі нұсқаушысы

Аңдатпа

Бұл мақалада мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы дене тәрбиесі сабақтарын ұйымдастыру барысында инновациялық педагогикалық әдістер мен технологияларды қолданудың маңызы қарастырылады. Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту, денсаулығын нығайту және қозғалыс мәдениетін қалыптастыру мәселелері ғылыми тұрғыдан талданады. Ойын технологиялары, денсаулық сақтау технологиялары, фитбол-гимнастика, ритмикалық жаттығулар және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың педагогикалық тиімділігі сипатталады.

Түйінді сөздер: мектепке дейінгі білім беру, дене тәрбиесі, инновациялық технологиялар, қозғалыс белсенділігі, фитбол-гимнастика, ойын технологиялары.

Кіріспе

Қазіргі қоғам жағдайында өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау мен нығайту білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Баланың физикалық дамуы, қозғалыс мәдениеті және салауатты өмір салтының негіздері мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында дене тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру баланың жан-жақты дамуы үшін маңызды.

Соңғы жылдары білім беру жүйесінде инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Инновациялық әдістер оқу процесінің тиімділігін арттыруға, балалардың белсенділігін дамытуға және олардың жеке қабілеттерін ашуға мүмкіндік береді.

Мақсаты

Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында дене тәрбиесі сабақтарында инновациялық әдістер мен технологияларды қолданудың тиімділігін ғылыми-педагогикалық тұрғыдан негіздеу.

Міндеттері

- мектепке дейінгі ұйымдардағы дене тәрбиесінің мазмұнын талдау;
- инновациялық технологиялардың педагогикалық ерекшеліктерін анықтау;
- балалардың қозғалыс белсенділігін арттыруда қолданылатын әдістерді жүйелеу;

Әдістері

Зерттеу барысында ғылыми әдебиеттерді талдау, педагогикалық бақылау, тәжірибелік талдау және салыстырмалы зерттеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар мектепке дейінгі ұйымдардағы дене тәрбиесі сабақтарының тәжірибесі зерделенді.

**«МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР»
ОБЛЫСТЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

ПУТЕМ ОЗНАКОМЛЕНИЯ С ПЕЙЗАЖНОЙ ЛИРИКОЙ» Крышова Валентина Николаевна	
«ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР» Бортаева Аймереке Сәндібайқызы	79
ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ-БОЛАШАҚҚА БІРГЕ ҚАДАМ Шілікбаева Ардак Нұрпейісқызы	81
МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР: «ИНТЕЛЛЕКТУМ» КАБИНЕТІ ТӘЖІРИБЕСІНДЕ Сәрсенғали Шаһмаран	84
МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА "ЗАҢ МЕН ТӘРТІП" ИДЕОЛОГИЯСЫН ІЛГЕРІЛЕТУ БОЙЫНША ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ Нұрғалиева Даража Мыктановна	87
«МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУДАҒЫ ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕР» Кұрманғалиева Даметкен Кумарғалиевна	89
ИСККУСТВЕННЫЙ ИНТЕЛЕКТ КАК ИНСТРУМЕНТ МОДЕРНИЗАЦИИ ДЕТСКОГО САДА Калиева Елена Геннадьевна	92
«ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ҮНДЕСТІГІ» Тлепбергенова Нұргүл Мінбаржанқызы	93
СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ К РАЗВИТИЮ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ И ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА В КОНТЕКСТЕ МУЗЫКАЛЬНОГО ВОСПИТАНИЯ Сағындыкова Алия Бакытовна	95
ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ҮРДСІНДЕГІ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ПЕДАГОГТІҢ ИНОВАЦИЯЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ Бимаханова Бутакуз Акузаковна	97
МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ САБАҚТАРЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ Кабакбаева Мирангуль Сериковна	99
МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР Абилгазина Загина Исламғалиевна	100
МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН ЦИФРЛЫҚ БАСҚАРУҒА ДАЙЫНДАУ Баешева Жаркынай Сундюткалиевна	102
ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ БІЛІМ: ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ САБАҚТАСТЫҒЫ Жетписбаева Асылкул Шарападиқызы	105
ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ – ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ҚҰРАЛЫ Әминова Саягүл Аманбекқызы	107
МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕНІҢ РӨЛІ Садыкова Альмира Кунтуовна	109